

Ректордың м.а.
2024 жылғы «29» қараша
№ 06-01-25/87 бұйрығына
№ 3 қосымша

**Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы
Сот төрелігі академиясында «Үздік оқулық, оқу-әдістемелік құрал,
оқу-әдістемелік кешен» конкурсын өткізу
қағидалары**

1. Общие положения

1. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясының (бұдан әрі – Академия) профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері арасында «Үздік оқулық, оқу-әдістемелік құрал, оқу-әдістемелік кешен» конкурсын (бұдан әрі - Конкурс) өткізу тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

оқулық – оқу пәнін жүйелі түрде баяндайтын, тиісті ҚР МЖБС-ға, үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келетін оқу басылымының түрі (қағаз немесе электронды);

оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) – оқытушыға және білім алушыға арналған әдістемелік нұсқаулықты, есептер мен тест тапсырмаларының жинағын қамтитын білім алушылардың оқу пәндерінің (пәндерінің) мазмұнын меңгеруін қамтамасыз етуге бағытталған оқу және әдістемелік басылымдардың жиынтығы;

оқу-әдістемелік құрал (ОӘҚ) – оқу процесін ұйымдастыру үшін пайдаланылатын оқу құралын, әдістемелік құралды, дидактикалық материалдарды, сөздіктерді қамтитын оқу басылымының, қосымша әдебиеттің түрі;

конкурстық жұмыс – конкурсқа ұсынылатын оқулық, ОӘК, ОӘҚ.

3. Конкурсқа қатысуға жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқу жұмысын жүзеге асыратын орталықтардың оқытушылары мен қызметкерлерінің конкурстық жұмыстары жіберледі.

4. Үлгілік оқу бағдарламалары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу жоспарлары және судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерін қайта даярлау, біліктілігін арттыру жоспарлары оқулықтар, ОӘК және ОӘҚ дайындаудың нормативтік негізі болып табылады.

5. Оқулықты, ОӘК және ОӘҚ дайындау оқу әдебиетінің мазмұнын құрастырудағы заманауи әдістемелік, дидактикалық, эргономикалық тәсілдер негізінде жүзеге асырылады.

6. Конкурсты ұйымдастырушы Оқу-әдістемелік кеңес болып табылады.

7. Конкурстың мақсаты:

1) Академияда білім беру процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету сапасын арттыру;

2) оқулықтар, ОӘК және ОӘҚ дайындауда оқытушылар мен қызметкерлердің белсенділігін ынталандыру және көтермелеу.

2. Конкурса үміткерді ұсыну тәртібі

8. Орталықтар конкурса қатысу үшін оқытушылар мен қызметкерлердің жұмыстарын үш номинация бойынша жеке жолдайды: «Үздік оқулық», «Үздік оқу-әдістемелік құрал» «Үздік оқу-әдістемелік кешен».

9. Егер ұсынылған жұмыс бірлескен авторлықта орындалған болса, онда жұмыстың сипаттамасында қатысушының қосқан жеке үлесін көрсету қажет.

10. Конкурса ұсынылатын әрбір жұмыс мынадай құжаттарды қамтуы тиіс:

- 1) 1-қосымшаға сәйкес Орталықтың ұсынымы;
- 2) 2-қосымшаға сәйкес конкурса қатысушының толтырылған сауалнамасы;
- 3) 3-қосымшаға сәйкес конкурстық жұмыстың сипаттамасы;
- 4) конкурса ұсынылатын жұмыс;
- 5) конкурстық жұмыс бейіні бойынша ғылыми-білім беру мекемелері мен сарапшылардың пікірлері.

11. Барлық құжаттар файлдарға және қағаз папкаға салынады.

12. Қажет болған жағдайда Конкурстық комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) конкурса қатысушыдан қосымша ақпарат сұрата алады.

13. Авторға және дереккөзге сілтеме жасамай алынған материалды, сондай-ақ басқа тілдерден аударылған мәтінді пайдалануды қоса алғанда, мағынасын өзгертпей басқа авторлардың сөздері мен сөз тіркестерін синонимдік ауыстыруды (плагиат) қамтитын жұмыстар Конкурса қатысуға жіберілмейді.

14. Конкурса қатысу үшін құжаттарды тапсыру мерзімі оның жарияланған күнінен бастап бір айды құрайды.

3. Конкурса ұсынылатын жұмыстарды қарау тәртібі

15. Конкурса келіп түскен өтінімдерді бағалау және жеңімпаздарды анықтау мақсатында құрамында кемінде 3 (үш) адам бар Комиссия Академия ректорының бұйрығымен бекітіледі.

16. Комиссияның құрамы Академия орталықтарының оқытушылары мен қызметкерлерінен құрылады.

17. Комиссияның мүшелері өз қызметін ерікті әрі өтеусіз негізде жүзеге асырады.

18. Комиссияның отырыстары оның барлық мүшелері қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

19. Комиссияның әрбір мүшесіне 4-қосымшаға сәйкес конкурстық жұмысты бағалау парағы беріледі. Комиссия мүшелері қатысушылардың өтінімдері мен құжаттамаларын қарағаннан кейін әр қатысушыға балл қояды және әр критерий бойынша өз бағасына түсініктеме береді.

20. Ең көп балл жинаған ізденушілер жеңімпаз болып саналады. 70 (жетпістен) төмен балл жинаған жұмыстар жүлделі орындарға үміткер бола

алмайды.

21. Конкурс аясындағы іріктеу қорытындылары бойынша түпкілікті шешімді Комиссия ашық дауыс беру жолымен қабылдайды.

22. Комиссияның шешімдері хаттамамен ресімделеді. Қорытынды хаттамаға барлық мүшелер қол қояды және онда үздік ғылыми жұмыстарға бірінші, екінші, үшінші орынды беру туралы шешім қамтылуға тиіс.

23. Конкурс жеңімпаздарына дипломдар мен сертификаттар, сондай-ақ сыйлықақы беру туралы бұйрық шыққан кезде заңнамада белгіленген айлық есептік көрсеткішке (бұдан әрі – АЕК) еселеп саналатын біржолғы ақшалай сыйлықақы* тапсырылады:

- 1-орын – 30 (отыз) АЕК;
- 2-орын – 20 (жиырма) АЕК;
- 3-орын – 15 (он бес) АЕК.

* Сыйлықақы беру Академияда үнемдеу есебінен қаражат болғанда жүзеге асырылады.

**Қазақстан Республикасы
Жоғары Сот Кеңесінің
жанындағы Сот төрелігі
академиясының
конкурстық комиссиясына**

Ұсыным

(орталық атауы)

«_____» жұмысын
«Үздік оқулық, оқу-әдістемелік құрал, оқу-әдістемелік кешен» конкурсына
_____ номинация бойынша қатысуға ұсынады.

Директор

Күні

**Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі
академиясының «Үздік оқулық, оқу-әдістемелік құрал, оқу-әдістемелік
кешен» конкурсына қатысушының анкетасы**

1. Конкурс қатысушысы туралы мәліметтер:		
1.	Аты-жөні (толығымен)	
2.	Туған жылы	
3.	Ғылыми дәрежесі/ атағы	
4.	Лауазымы	
5.	Орталық	
2. Ұсынылған жұмыс туралы мәліметтер:		
1.	Конкурс номинациясы	
2.	Жұмыс атауы	
3.	Ұсынылған жұмыстың түрі	
4.	Жұмыстың нормативтік негізі	
5.	Апробация туралы ақпарат	
6.	Жұмыс бойынша пікірлер мен ұсынымдар туралы ақпарат	

«_____» номинация бойынша «_____»
конкурсына ұсынылған жұмыстың сипаттамасы*

1. Қатысушының аты-жөні
2. Жұмыстың өзектілігі
3. Жұмыстың мақсаты
4. Жұмыстың құрылымы
5. Жазу барысында шешілген негізгі міндеттер, алынған нәтижелер

* Жұмыстың сипаттамасы бір беттен аспауға тиіс

Конкурстық жұмысты бағалау парағы

Конкурсқа қатысушы _____

(аты-жөні)

Жұмыстың тақырыбы « _____ »

»

№	Бағалау критерилері	Түсініктеме	Баллы
1	Жұмыстың өзектілігі (0-20 балл)		
2	Теоретикалық/практикалық/оқу-әдістемелік маңыздылығы (0-20 балл)		
3	Жаңашылдығы мен төлнұсқалығы * (0-20 балл)		
4	Баяндаудың стили мен логикасы (0-20 балл)		
5	Тақырыптың ақпараттылығы және толық ашылуы (0-20 балл)		
Барлығы:			

Конкурстық комиссияның мүшесі _____

(аты-жөні)

(қолы)

* Автор мен дереккөзге сілтеме жасамай алынған материалдың (плагиат) бар-жоқтығын тексеруді қамтиды.